

Пән	Физика
Мұғалім	Аяпбергенова Жаухар
Мектеп, сынып	Қостанай облысы, Лисаков қаласы, №3 орта мектеп



1. Керілген арқанның үстімен жүріп келе жатқан гимнаст көрермендерді ықыласқа бөледі. Ал егер арқанның үстімен иығына иінағашқа ілінген шелектегі суды алып өтсе тіпті керемет. Арқанның үстінде

 - А) тепе-теңдікті сақтау иінағашпен шелектегі суды алып өткенде жеңілірек
 - В) тепе-теңдікті сақтау гимнаст тек өзі жүріп өткенде жеңілірек
 - С) тепе-теңдікті сақтау мүмкін емес
 - Д) гимнасттың салмағы артады
 - Е) гимнасттың салмағы азаяды
2. Жабақ пробирканың түбінде маса отыр. Пробирка вертикаль жағдайда еркін құлап келеді. Құлау кезінде маса пробирканың төменгі бөлігінен жоғары бөлігіне ұшып өтсе, пробирканың құлау уақыты:

 - А) азаяды
 - В) артады
 - С) өзгермейді
 - Д) бірінші артады, сосын азаяды
 - Е) бірінші азаяды, кейін артады
3. Құс таразының бір басына орналасқан жәшіктің ішінде отыр. Таразы, екінші басына кір тасы салынып теңгерілген. Егер құс жәшіктің ішінде жоғары көтеріліп ауада қалықтап тұрса, таразының ...

 - А) тепе-теңдігі сақталады
 - В) кір тасы жағы басып кетеді
 - С) құсы бар жәшік басып кетеді
 - Д) жалпы салмағы артады
 - Е) жалпы салмағы кемиді
4. v жылдамдықпен келе жатқан автомобиль жүргізушісі, кенет алдында s қашықтықта орналасқан жалпақ қабырғаны көрді. Жүргізушінің іс-әрекеті:

 - А) автомобильді тежеп тоқтату қажет
 - В) автомобильді бұру қажет
 - С) ештеңе істеудің қажеті жоқ
 - Д) көзін жұмып қалу
 - Е) жылдамдықты арттыру
5. Жоғары қозғалып бара жатқан эскалатор баспалдағында тұрған адам, сол эскалатордың бойымен өзі де тұрақты жылдамдықпен қозғалуда. Бұл жағдайда эскалатор моторының жасаған жұмысы мен қуаты:

 - А) жұмысы артады, қуаты азаяды
 - В) қозғалмай тұрған адамды шығарған кездегіден көп

- C) қозғалмай тұрған адамды шығарған кездегіден аз
- D) жұмыс азаяды, қуаты артады
- E) өзгермейді

6. «Арқан тарту» ойынында екі топ сайысуда. Бірінші топ арқанды өзіне қарай 400Н күшпен тартады, ал екінші топ 100Н күшпен тартады. Екі топтың тең әрекетті күші:

- A) 500Н
- B) 100Н
- C) 400Н
- D) 300Н
- E) 250Н

7. Қиярға ұзақ уақыт тұз сіңірмеу үшін, қияр салынған тұздықты суық жерге сақтау керек. Себебі,

- A) конденсация баяу жүреді
- B) компенсация жылдам
- C) конденсация жылдам
- D) диффузия жылдам жүреді
- E) диффузия баяу жүреді

8. Консерві қалбырларын дайындауға пайдаланылатын қаңылтырлар тоттанбау үшін, ауданы 200 см² қаңылтырға 0,45 грамнан есептелген, қалайының жұқа қабатымен қаптайды. Қаңылтырдағы қалайы қабатының қалыңдығы:

- A) 0,003 мм
- B) 0,005 мм
- C) 3 мм
- D) 5мм
- E) 30 мм

9. Мыс детальды қыздырса және балқытса оған әсер ететін ауырлық күші:

- A) қыздырса артады, балқытса азаяды
- B) қыздырса азаяды, балқытса артады
- C) қыздырса өзгермейді, балқытса артады
- D) қыздырса азаяды, балқытса өзгермейді
- E) барлық жағдайда өзгермейді

10. Бөрене оңға қарай жылжытылған болса, сырғанау үйкеліс күші бағытталған.

- A) оңға
- B) солға
- C) солтүстікке
- D) батысқа
- E) оңтүстік шығысқа

11. Волейбол добының камерасына ауаны біртіндеп жіберсек, ондағы

- A) қысым артады
- B) қысымы өзгермейді
- C) салмағы азаяды
- D) салмағы өзгермейді
- E) қысым азаяды

12. Салмақсыздық жағдайында тіс пастасы:

- A) сығылмайды
- B) сығылады
- C) салмағы артады
- D) салмағы азаяды
- E) көлемі артады

13. Жас турист иығына асынған массасы 10 кг жолқабымен үйінің төртінші қабатына 25секундта көтеріле алатынын байқаған. Егер бір қабаттың биіктігі 3м болса, онда жол қабын көтеру үшін туристтің өндіретін қуаты:

- A) 3,6 Вт
- B) 36 Вт
- C) 0,36Вт
- D) 3,6 кВт
- E) 36 гВт

14. Кейбір гайкаларды құлақшалы етіп жасау себебі:

- A) күш моментін арттыру үшін
- B) күш моментін азайту үшін
- C) салмағын көбейту үшін
- D) салмағын азайту үшін
- E) тығыздығын арттыру үшін

15. Тамыры терең шөпті отағанда, оны топырақтан жұлқымай тарту құбылысы бағынатын заңдылық:

- A) қысым
- B) конденсация
- C) дисперсия
- D) диффузия
- E) инерция

16. Жауын-шашын мөлшерін өлшегіш, оның мөлшері 8 мм екендігін анықтады. Олай болса 1 га жерге сіңген судың мөлшері:

- A) 60 т
- B) 70 т
- C) 80 т
- D) 70 кг
- E) 80 кг

17. Қырманнан 3т бидайды тасымалдау үшін кузовының ұзындығы 2,5 м, ені 1,8 м және биіктігі 80 см жүк машинасы бөлінді. Машина кузовы бидаймен толтырылған деп есептесек бидайдың тығыздығы

- A) 930 кг/м³
- B) 830 кг/м³
- C) 730 кг/м³
- D) 800 кг/м³
- E) 860 кг/м³

18. Қардың көктемде, қар еру басталар кездегі тығыздығы 300 кг/м³. Қардың егістік жердегі қалыңдығы 80 см болса, бір гектар жердегі ылғал қоры:

- A) $2,5 \cdot 10^6$ кг
- B) $2,4 \cdot 10^6$ кг
- C) $2,6 \cdot 10^6$ кг

- D) $24 \cdot 10^6$ кг
- E) $240 \cdot 10^6$ кг

19. Жүргізуші 72 км/сағ жылдамдықпен келе жатқан автомобиль қозғалтқышын сөндіргенде, ол 3,4 секундтан соң тоқтады. Асфальтпен үйкеліс күші 5880 Н. Қозғалтқышты сөндірген сәттегі автомобиль импульсі мен массасы:

- A) $2 \cdot 10^3$ кг·м/с; 10^{30} кг
- B) $20 \cdot 10^2$ кг·м/с; 10^{31} кг
- C) $20 \cdot 10^3$ кг·м/с; 10^3 кг
- D) $20 \cdot 10^5$ кг·м/с; 10^4 кг
- E) $20 \cdot 10^4$ кг·м/с; 10^2 кг

20. Өрт сөндіру машинасының сиренасы екі секунд сайын қосылады. Бақылаушыға жақындап келе жатқан машина сиренасының дыбысын, ол 1,8 с сайын еститін болса, машинаның жылдамдығы:

- A) 122 км/сағ
- B) 120 км/сағ
- C) 102 км/сағ
- D) 180 км/сағ
- E) 90 км/сағ

№1 Тест жауаптары

Сұрақ №	Жауаптары
1	A
2	A
3	A
4	A
5	C
6	D
7	E
8	B
9	E
10	B
11	A
12	B
13	B
14	A
15	E
16	C
17	B
18	B
19	C
20	A

Тест№2
(тапсырмалар бірнеше дұрыс жауабымен)

1. Атқыш көкжиекке 45° бұрышпен атылған снарядтың жарылған дыбысын 2,5 минуттан соң естіді. Снарядтың бастапқы жылдамдығы:
 - A) 500 м/с
 - B) 450 м/с
 - C) 406 м/с
 - D) 506 м/с
 - E) 250 м/с
 - F) 5, 06 гм/с
 - G) 50 км/с
 - H) 25 км/с

2. Массасы 60 т танктың Жерге түсіретін қысымын анықта, оның шынжыр табанының ауданы $1,5 \text{ м}^2$.
 - A) $2 \cdot 10^4$ Па
 - B) 20 кПа
 - C) $2 \cdot 10^8$ Па
 - D) 200 кПа
 - E) $2 \cdot 10^5$ Па
 - F) 2 мПа
 - G) 0,2 МПа
 - H) 200Па

3. Ауданы 50 см^2 цилиндр пішінді 2 л су құйылған ыдыстың түбіне түсіретін судың қысымын анықта. Судың тығыздығы 1000 кг/м^3 .
 - A) $5 \cdot 10^2$ Па
 - B) $5 \cdot 10^3$ Па
 - C) 40 гПа
 - D) $4 \cdot 10^4$ Па
 - E) 5 гПа
 - F) 50 кПа
 - G) 40 Па
 - H) $4 \cdot 10^3$ Па

4. Тығыздығы 1000 кг/м^3 сұйықтықтың ішіндегі, 200 мм тереңдіктегі қысымы ...
 - A) 1,96 кПа
 - B) 19,6 гПа
 - C) 1960 Па
 - D) 19600 Па
 - E) 1,96 Па
 - F) 196 кПа
 - G) 196 Па
 - H) 196000Па

5. Гидравликалық престің ауданы 1 см^2 кіші поршеніне 10 Н күш әсер етеді. Ауданы $0,1 \text{ м}^2$ үлкен поршеньге әсер ететін күш ...
 - A) 10000 Н
 - B) 1000 Н
 - C) 100 Н
 - D) 10 кН

- E) 0,01 МН
- F) 100 кН
- G) 1 МН
- H) 10гН

6. Ұшының ауданы $0,0003 \text{ см}^2$ ине күй табақ инесі ойнағанда $0,27 \text{ Н}$ күш түсіреді. Иненің түсіретін қысымы

- A) 9 МПа
- B) 71 мкПа
- C) 900 кПа
- D) 990 Па
- E) 0,009 ГПа
- F) 9 гПа
- G) 90МПа
- H) 7110 Па

7. Массасы 1 кг арбаша 3 м/с жылдамдықпен қозғалады. Оның эергиясын 2 есе арттыру үшін атқарылатын жұмыс

- A) 4500 мДж
- B) 36 Дж
- C) 18 Дж
- D) 3 Дж
- E) 45 Дж
- F) 4,5 Дж
- G) 4,5 гДж
- H) 4,5 мДж

8. Еркін түскен дененің 6 с-тан кейінгі жылдамдығы ($g = 10 \text{ м/с}^2$):

- A) 3 м/с
- B) 60 м/с
- C) 216 км/сағ
- D) 15 м/с
- E) 0,060 км/с
- F) 60 км/сағ
- G) 0,60 км/с
- H) 0,060 м/с

9. Массасы 10 кг , жылдамдығы 36 км/сағ дененің кинетикалық энергиясы:

- A) 12960 Дж
- B) 5 гДж
- C) 50 Дж
- D) 500 Дж
- E) 180 Дж
- F) 0,180кДж
- G) 0,5 қДж
- H) 12,9 қДж

10. Суға батырылған шыны шарға 2500 Н Архимед күші әсер етеді. Осы шардың көлемі.... ($\rho_{\text{су}} = 1000 \text{ кг/м}^3$; $g = 10 \text{ м/с}^2$).

- A) $0,25 \text{ м}^3$
- B) 250 дм^3
- C) $0,1 \text{ м}^3$

- D) 1 м^3
- E) $0,025 \text{ м}^3$
- F) $0,25 \text{ м}^3$
- G) $2,5 \text{ м}^3$
- H) 25 м^3

№2 Тест жауаптары

Сұрақ №	Жауаптары
1	D F
2	E D G
3	H C
4	C A B
5	A D E
6	A E C
7	F A
8	B E C
9	D B G
10	A B

